Абай облысы ДСБ
«Д. Қалматаев атындағы мемлекеттік жоғарғы медицина колледжі» ШЖҚ КМК
Директордың қатысуымен кеңестің
№ 6 ХАТТАМАСЫ

05.11.2026 ж.

Қатысқандар:

- **Төрайым - Токтаров Е. Н.**-директор
- **Нургалиева Г.Т.** – директордың оқу жұмысы жөніндегі орынбасары
- **Ульбауова А.М.** – директордың оқу-өндірістік жұмысы жөніндегі орынбасары
- **Шалхарова А.О.** – оқу-тәрбие жұмысы жөніндегі басшысы
- **Оспанова Н.А.** – бас бухгалтер
- **Сатбаева А.К.** – әдіскер
- **Медетова Г.Е.** – әдіскер
- **Муздыбай Г.А.** – бөлім меңгерушісі
- **Ахметова Г.С.** – бөлім меңгерушісі
- **Какенова А.К.** – бөлім меңгерушісі, хатшы
- **Адильханова Г.Е.** – бөлім меңгерушісі
- **Мажакеева Н.К.** – оқу бөлімінің меңгерушісі
- **Куанышбаева Д.Р.** – арнайы пәндер оқытушысы
- **Алейбекова Б. Б.** – студент, «Жастар рухы» жастар қанатының мүшесі

КҮН ТӘРТІБІНДЕ:

1. 043 бағдарламасы бойынша босаған бюджеттік орын туралы.

ТЫҢДАЛДЫ:

1. Бірінші сұрақ бойынша:

Бөлім меңгерушісі – Ахметова Г.С.: 043 Білім беру бағдарламасы «Фармация» мамандығы бойынша биылғы оқу жылы қабылданған I фармация «1» тобының білім алушысы **Асқарқызы Гүлім (№491-с, 02.12.2026 ж.)** мемлекеттік білім беру грантынан өз еркімен бас тартқандығын баяндады. Босаған 1 бюджет орнына «Фармация» мамандығы бойынша акылы негізде білім алып жатқан 1 курс білім алушылары ішінен мына үміткерлерді таныстырды:

1. **Сағымбекова Адия Серікқызы** - – жалпы орта білім туралы аттестаттың орта баллы: 3,9, қабылдау емтихан нәтижесі: 58%. Толық отбасы, 4 бала (кәмелетке толмаған – 3). Әкесі – Казминерал «Шахтер», анасы – кассир.
2. **Бейсембай Балнұр Ринатқызы** - арнайы орта білім туралы дипломның орта баллы: 3,9, қабылдау емтихан нәтижесі: 90%. Толық отбасы, 6 бала (кәмелетке толмаған – 4). Әкесі –ТЖС жұмысшысы, анасы – балабақша жұмысшысы.

Оқу бөлімінің меңгерушісі Мажакеева Н.К.: Бейсембай Балнұр Ринатқызы колледжге «Политехникалық колледжді» аяқтағандығы туралы дипломын ұсынып оқуға түскен. Тексеру барысында оның бұрынғы колледжді мемлекеттік бюджет есебінен (грантта) оқып шыққаны анықталды.

Мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру ережелеріне (ҚР Үкіметінің 27.07.2007 ж. № 319 бұйрығы, 8-т., 2-б.) сәйкес, сол білім деңгейінде бұрын мемлекеттік грант иегері болған азамат қайтадан бюджеттік негізде оқуға құқылы емес. Осыған байланысты Бейсембай Балнұр Ринатқызы босаған 1 бюджет орнына үміткер бола алмайды.

2. Екінші сұрақ бойынша:

Бөлім меңгерушісі Муздыбай Г. А: 043 Білім беру бағдарламасы «Мейіргер ісі» мамандығы бойынша биылғы оқу жылы қабылданған I мейіргер ісі «А» тобының білім алушысы **Серікбол Толқынай Бауыржанқызы (№495-с, 02.11.2026 ж.)** мемлекеттік білім беру грантынан өз еркімен бас тартқандығын баяндады. «Мейіргер ісі» мамандығы бойынша қазақ тілінде акылы негізде білім алып жатқан 1 курс білім алушылары болмағандықтан, «Мейіргер ісі» мамандығы бойынша орыс тілінде акылы негізде білім алып жатқан 1 курс білім алушылары ішінен мына үміткерлерді таныстырды:

1. **Нигматулина Эмилия Артемовна** – жалпы орта білім туралы аттестаттың орта баллы: 4,0, қабылдау емтихан нәтижесі: 58%. Толық емес отбасы, кәмелетке толмаған 1 бала. Анасы – ЖК «Нигматулина», массажист.
2. **Бургумбаева Амира Тимуровна** – жалпы орта білім туралы аттестаттың орта баллы: 4,0, қабылдау емтихан нәтижесі: 56%. Толық отбасы, кәмелетке толмаған 3 бала. Анасы – бала күтімі бойынша демалыста, әкесі – «Семей орманында» жұмыс істейді.
3. **Дубровская Валерия Игоревна** – жалпы орта білім туралы аттестаттың орта баллы: 4,0, қабылдау емтихан нәтижесі: 56%. Толық отбасы, кәмелетке толмаған 3 бала. Әкесі – «Обелиск» ЖШС, анасы – «BIBI Product» ЖШС-де жұмыс істейді.
4. **Меркаш Мунара Мейрамқанқызы** - жалпы орта білім туралы аттестаттың орта баллы: 4,0, қабылдау емтихан нәтижесі: 52%. Толық отбасы, кәмелетке толмаған 1 бала. Анасы – ИП Ермекбаева, әкесі – ТОО Қамқор.

Оқу бөлімінің меңгерушісі Мажакеева Н.К.: Ақылы негізде білім алатын үміткерлердің орташа баллын есептеу үшін оқуға түсу кезіндегі емтихан пайызын балға айналдырып, оған аттестаттын баллын косып, орташа баллды шығарды. Осы есептеулер бойынша **Нигматулина Эмилия Артемовнаның** оқу үлгерімі жоғары болып шықты.

ШЕШІМІ:

043 Білім беру бағдарламасы бойынша:

1. Босаған бюджеттік орынға ауыстыру кезінде үміткердің оқу курсы, оқыту тілі мен мамандығының сәйкестігін, ескере келе, ақылы негізде білім алатын үміткерлердің орташа баллын есептеу бойынша **Сағымбекова Адия Серікқызының** оқу үлгерімі жоғары болып шықты. Босаған 1 бюджеттік орынға **Сағымбекова Адия Серікқызы** ауыстырылсын. Кеңес мүшелері бірауыздан келісті.
2. **Сағымбекова Адия Серікқызына** заңнамаға сәйкес шәкіртақы тағайындалсын. Кеңес мүшелері бірауыздан келісті.

043 Білім беру бағдарламасы бойынша:

3. Босаған бюджеттік орынға ауыстыру кезінде үміткердің оқу курсы мен мамандығының сәйкестігін, ескере келе, ақылы негізде білім алатын үміткерлердің орташа баллын есептеу бойынша **Нигматулина Эмилия Артемовнаның** оқу үлгерімі жоғары болып шықты. Босаған 1 бюджеттік орынға **Нигматулина Эмилия Артемовна** ауыстырылсын. Кеңес мүшелері бірауыздан келісті.
4. **Нигматулина Эмилия Артемовнаға** заңнамаға сәйкес шәкіртақы тағайындалсын. Кеңес мүшелері бірауыздан келісті.

Төрайым: **Токтаров Е. Н.**

Хатшы: Какенова А.К.